

**Тақырыбы: Инклюзивті білім беру:  
мүмкіндігі шектеулі оқушыларды  
қоғамға бейімдеу жолдары.**

*КГУ “Шымкентская вспомогательная школа интернат”  
Дефектолог Боранбаева Гулжан Сеилбековна*

**Инклюзивті білім беру – мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытып – үйретудің бір формасы.**

**Мектепте инклюзивті білім беру жүйесін жетілдіру туралы ҚР –ның білім беру ісін дамыту жөніндегі 2011 – 2020 ж. арналған мемлекеттік бағдарламасында атап көрсеткен.**

*Нағыз инклюзия білім берудің 2 жүйесін: жалпы және арнаулы жүйелерді*

*бір – біріне қарама – қарсы қоймай, қайта жақындатады. Олардың арасындағы шекараны ашады. Өйткені инклюзивті білім беру « Бәріне бірдей мүмкіндік » принципін ұстанады. Яғни жалпы білім беретін*

*мектептерде мүмкіндігі шектеулі бала мен басқа да әлеуметтік қорғалатын*

*топтарға жататын оқушыларға өзгелермен теңдей білім беру, соған жағдай жасау.*

ОҚ облысы бойынша 59 арнайы сыныптарда 657 мүмкіндігі шектеулі балалар білім алумен қатар түзеліп – оңалуда. 900 мүмкіндігі шектеулі бала 19 логопедиялық пунктерінде, дефектологиялық кабинеттерде тіркеліп түзелуде.

12 арнайы мектеп-интернаттар бар:

5-ақыл есі кем балаларға арналған;

3- есту қабілеті бар балаларға арналған;

2- тіл кемістігі бар балаларға арналған;

1- тірек-қимылы бұзылған балаларға арналған.

Инклюзивті білім берудің негізі мектептегі барлық балаға олардың ерекшеліктерінен тыс сапалы білім беру болып табылады.

“Инклюзив” дегеніміз ағылшын тілінен аударғанда “тартылған, қамтылған” деген мағынаны білдіреді.

Негізгі жұмыстар:

1. Баланың қажеттіліктерінен туындайтын психикалық үрдістерді жаңарту;
2. Балаға субъективті қарым – қатынас жасау;
3. Баланың жақын арадағы “даму аймағын” ескере отырып, жеке қарым – қатынас жасау;

## Негізі:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы
- Балалардың құқығын қорғау туралы БҰҰ - конвенциясы
- “Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы” заңы 11.07. 2002ж №343
- “ҚР баланың құқықтары туралы” заңы (2002 ж.)
- “ҚР 2015 жылға дейін білім беруді дамыту Концепциясы”
- “ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы”
- “Саламанка декларациясы” (Испания, 1994ж)
- ҚР Укіметінің № 81 қаулысы, 5.02.2007ж “Инклюзивті білім беруді дамытудың нұсқаулары

**Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытатын мұғалімдердің алдында үш түрлі міндет қойылады:**

- 1. Баланың мектепке дайындығын анықтау.**
- 2. Баланың мектепке дайындығын анықтау үшін оларды жазу, сызу, оқуға үйретпес бұрын олардың қабілеттері бойынша жеке ерекшелігін, психологиялық дайындығын байқау керек.**

**Баланы жүйелі оқыту үшін психологиялық дайындығына ерекше назар аудару керек.**

**2. Тәрбиесіндегі кемістігін жою.**

**Бұның басты мақсаты баланың бойындағы, тәртібіндегі кемшіліктерді түзету. Ол баланың сенім, көз жеткізу, кеңес беру, психоанализ, логотерапия сияқты методикаларды қабылдау арқылы жүзеге асады.**

**3. Сабақты жүйелі жоспарлау.**

**Мүмкіндігі шектеулі балаға сабақ беретін мұғалім алдымен баланың даму ерекшелігін анықтайтын тесттер арқылы ойының, қиялының, зейінінің тұрақтылығын анықтап алу керек**

Ата – аналармен жұмысты ұйымдастыру бағыттары

Даму мүмкіншілігі шектеулі балалары бар отбасында ата – ана жұмысында төмендегідей негізгі бағыттар болу керек:

- баланың психикалық дамуына, жас ерекшелігі мен жеке ерекшеліктеріне үнемі қолдау көрсету;
- оқуы мен күн тәртібіне жағымды жағдай жасау;
- баланың ата – анасымен жағымды эмоционалдық заттық – практикалық және сөйлеу қарым – қатынасын қалыптастыру.
- Жалпы білім беретін мектептерге мүмкіндігі шектеулі балалар ата - анасының жазба түріндегі арызы мен ПМПК – ның жолдамасы бойынша қабылданады.



## Дефектологтар

1. Дефектолог-логопед - тіл кемістігі бар балалармен жұмыс жүргізеді.
2. Дефектолог-тифлопедагог – көру қабілеті бұзылған балалармен жұмыс жүргізеді.
3. Дефектолог- сурдопедагог- есту қабілеті бұзылған балалармен жұмыс жүргізеді.
4. Дефектолог- олигофренопедагог – ақыл есі кем балалармен жұмыс жүргізеді

Жалпы білім беретін мектептерде қандай жағдайда мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған сыныптар ашылады?

Егерде 3 баладан көп емес балалар оқытылса, ол интеграциялық сынып болып есептеледі.

Арнайы сыныптардың толымдылығы :

- Нашар еститіндер -10 бала
- Естімейтін балалар – 8 бала
- Көрмейтін – 8 бала
- Нашар көретіндер – 12 бала
- Тіл кемістігі барлар – 12 бала
- ДЦП, қозғалыс мүшелері аурулар - 12

-Аутизм , эмоционалдық – еріктігінде кемістігі бар балалар – 6 бала

-Психикалық дамуы тежелген балалар -12бала

-Интеллекті жеңіл бұзылған балалар – 12 бала

-Интеллекті төмендеу бұзылған балалар – 10 бала.

1. Арнайы сыныптар жоғарыда аталған контингенттер болған жағдайда ПМПК- ң жолдамасы болғанда ашылады.
2. Жалпы білім беретін мектепте 10 баладан артық болса, мекемеде 1 жүктемемен дефектолог маманы болуы керек.
3. Мүмкіндігі шектеулі балалар ПМПК шешімімен, ата – анасының келісімімен кез келген мектепке ауыса алады.
4. Мектепте әрбір оқу жылының сәуір – мамыр айында оқушыларды психолого – педагогикалық зерттеуден өткізеді.
5. Жалпы білім беретін мектепке мүмкіндігі шектеулі балалардың ауыр түрлері ( психикалық, тырысқак ( судороги)) т.б. аурулары барлары қабылданбайды.



- Дефектологтың міндеттері:
- Индивидуалді оқыту, коррекциялық дамыту программаларын жасауға қатысады.
- Мүмкіндігі шектеулі балалардың сабақтан ақсап, кенжелеп қалған жағдайлары болса қосымша сабақтар жүргізеді.
- Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істейтін әлеуметтік педагог, психолог, т.б. Мұғалімдерге әдістемелік нұсқау, бағыт — бағдар беріп отырады.
- Балалардың жеке оқыту коррекциялық — дамыту программасының орындалуы жайлы психологиялық — педагогикалық мониторингтің орындалуын бақылайды.

Психологиялық – педагогикалық қызмет көрсететін мамандар не істейді?

- Оқушының оқу процесіндегі жетістіктерін психологиялық – педагогикалық картада белгілеп отырады. Әрбір тоқсан, жыл соңында мектеп әкімшілігіне есеп береді.
- Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытатын мұғалімдерге арнайы әдістемелер, нұсқаулар береді.
- Адаптацияланған оқу программасын, әдістемелік нұсқаулардың қамтамасыз етілуін қадағалайды.

- Балалардың сабақтан тыс жұмыстарға қатысуына ықпал жасайды.
- Сабақтан тыс іс – шаралардың барлығы жай сыныптардың балаларымен бірге өтеді.
- Стандартқа сәйкес ақылы сабақтар, қызметтер болмайды.